

Семинар 14

1.Қабілеттері тең екі ойыншы шахмат ойнады. Олардың біреуінің 6 партиядан 4-еуін ұту ықтималдығы, 5 партиядан 3-еуін ұту ықтималдығы артық па әлде теңбе-тең?

2.Ойын сүйегін 10 рет лақтырғанда 5 ұпайының дәл а) 2 рет, б) 3 рет, в) 4 рет түсу ықтималдығын табыңыз.

3.Топтағы 20 студенттің 12-сі қыз. Олардың арасынан кез-келген жолмен тандап алынған 6 студенттің 4 қыз болуы ықтималдығын табыңыз.

4. Нысанды көздеп 20 рет оқ атылған. Әрбір атылған оқтың нысанға тию ықтималдығы 0,8 ге тең. Ең ықтималды санды және оған сәйкес ықтималдықты табыңыз.

5.Егер бір отбасындағы балалардың ұл болуы ықтималдығы 0,51 ге тең болса, 6 баласы бар отбасында а) кемінде 7 ұл бала, б) ұл бала саны 4 тен артық болуы ықтималдығын табыңыз.

6. Фабрикада тігілген көйлектердің 80% жоғары сортқа қабылданған. Тігілген 2000 көйлектен 1500 жоғарғы сорт болуы ықтималдығын табыңыз.

7.Егер оқиғаның пайда болу ықтималдығы $P=0,7$, 2000 сынауда сенімділік ықтималдығы 0,8968 болса, оқиғаның пайда болу ықтималдықтан ауытқуының ең үлкен мәнін табыңыз.

8.Оқиғаның әрбір сынауда пайда болу ықтималдығы 0,4 болса, 300 сынауда 70 рет пайда болуы ықтималдығын табыңыз.

9. N қалада бір айда 420 нәресте туылған. Егер ұл бала туылу ықтималдығы 0,51 болса, а) 220 ұл болуы, б) ұл балалар саны 190 мен 280-ге дейін болуы ықтималдығын табыңыз.

10. Әрбір мақта шитінің көгеріп шығу ықтималдығы 0,9 га тең. Сынау үшін егілген 500 мақта шитінің өтіп шығу салыстырмалы жиілігінің ықтималдықтан ауытқуы 0,04 тен артық болмау ықтималдығы неге тең.